

Қосымша парақ – Пациентке арналған ақпарат

Гербион® исландия мүгі, соруға арналған таблеткалар

Әсер етуші зат: Исланд мүгінің құрғақ экстрактісі

Препаратты қолданар алдында қосымша парақты толық оқып шығыңыз, себебі онда Сіз үшін маңызды мәліметтер бар.

Препаратты үнемі қосымша парақпен немесе емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің нұсқауларымен дәлме-дәл қабылдаңыз.

Қосымша парақты сақтаңыз. Сізге оны тағы бір рет оқып шығу қажет болуы мүмкін.

Егер Сізге қосымша мәліметтер немесе нұсқаулар керек болса, дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз. Осындай нұсқау кез келген болуы мүмкін, оның ішінде қосымша парақтың 4 бөлімінде атап көрсетілмеген жағымсыз реакцияларға да қатысты болады.

Егер жай-күй жақсармаса немесе ол 7-14 күн өткен соң нашарлап кетсе, Сізге дәрігерге қаралу керек.

ҚОСЫМША ПАРАҚ МАЗМҰНЫ

1. Гербион® исландия мүгі препараты қандай түрде болады және оны не үшін қолданады.
2. Гербион® исландия мүгі препаратын қолданар алдында не туралы білу керек.
3. Гербион® исландия мүгі препаратын қолдану.
4. Болуы мүмкін жағымсыз реакциялар.
5. Гербион® исландия мүгі препаратын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер.

1. ГЕРБИОН® ИСЛАНДИЯ МҮГІ ПРЕПАРАТЫ ҚАНДАЙ ТҮРДЕ БОЛАДЫ ЖӘНЕ ОНЫ НЕ ҮШІН ҚОЛДАНАДЫ

Респираторлық жүйе. Жөтелге қарсы препараттар және суық тию ауруларын емдеуге арналған дәрілер. Жөтелге қарсы препараттар, қақырық түсіретін дәрілермен біріктірілімдерін қоса. Жөтелге қарсы басқа препараттар.

АТХ коды R05DB.

Қолданылуы

Гербион® исландия мүгінің құрамында исланд мүгінің құрғақ экстрактісі бар. Осы өсімдік тектес препарат:

- ауыз қуысының және жұтқыншақтың шырышты қабығын тітіркендіргенде, құрғақ жөтелде

- тамақтың қарлығуы мен ауыруын жеңілдету үшін қолданылады.

Гербион® исландия мүгінің құрамында мукополисахаридтердің көп мөлшері бар, олар ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығын жабындайды, қорғайды және ылғалдандырады, сол арқылы тітіркену мен құрғақ жөтелді басады деп саналады.

Егер жақсару басталмаса немесе Сіз 7-14 күн өткен соң нашарлау сезінсеңіз, емдеуші дәрігерге қаралу қажет.

2. ГЕРБИОН® ИСЛАНДИЯ МҮГІ ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА НЕ ТУРАЛЫ БІЛУ КЕРЕК

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Гербион® исландия мүгі препаратын қолданбаңыз:

- егер Сізде исланд мүгінің экстрактісіне немесе препараттың кез келген басқа (қосымша парақтың 6 бөлімінде атап көрсетілген) компоненттеріне аллергия болса
- 12 жасқа дейінгі балаларда
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз
- егер Сізде тұқым қуалайтын фруктоза жақпаушылығы болса.

Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары

Гербион® исландия мүгін қолданар алдында келесі жағдайларда емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз:

- тыныс тарылуымен, дене температурасының көтерілуімен, созылмалы жөтелмен немесе қан аралас қақырық бөлінуімен болатын тыныс жолдарының ауруларында дәрігердің шұғыл қарап тексеруі қажет.
- егер Сіздің жай-күйіңіз препаратты қолдану басталғаннан кейін 7-14 күн өткен соң жақсармаса, дәрігерге қаралу керек.

Балалар

Соруға арналған таблеткалар дәрілік түріндегі Гербион® исландия мүгі препараты 12 жасқа дейінгі балаларға қарсы көрсетілімді, өйткені аталған дәрілік түр дозаны дұрыс таңдау мүмкіндігін бермейді. 12 жасқа дейінгі балаларға Гербион® исландия мүгі шәрбаты препаратын қабылдауға кеңес беріледі.

Басқа препараттар және Гербион® исландия мүгі препараты

Сіздің қандай да бір басқа дәрілік препараттарды қабылдап жүргеніңіз, таяуда қабылдағаныңыз немесе қабылдай бастауыңыз мүмкін екенін емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне мәлімдеңіз.

Гербион® исландия мүгінің басқа дәрілік препараттар әсерлеріне ықпал ететіні туралы хабарламалар тіркелмеген.

Гербион® исландия мүгі препараты тағаммен және сусындармен

Соруға арналған таблеткаларды қабылдаудан кейін бірден тағам жеуге немесе сусындар ішуге болмайды, өйткені бұл препараттың ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығынан шығарылуын жеделдетуі мүмкін. Дегенмен де, емдеу кезінде көп мөлшерде шай немесе жылы сұйықтық ішуге кеңес беріледі, бірақ препаратты қабылдаудан кейін бірден емес.

Жүктілік және бала емізу

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз, жүкті болып қалдым деп ойласаңыз немесе бала көтеруді жоспарласаңыз, препаратты қолдануды бастар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Гербион® исландия мүгі аталған қауымда исланд мүгі экстрактісін қолдану жөніндегі деректер жеткіліксіздігіне байланысты жүкті әйелдерде және лактация кезеңінде қолдануға ұсынылмаған.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Препаратты қолдану көлік құралдарын басқару және қауіптілігі зор механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер етпейді.

Гербион® исландия мүгі құрамында изомальт (E953) және бутилгидроксанизол (E320) бар.

Егер Сізде кейбір қанттар жақпаушылығы бар болса, осы дәрілік препаратты қабылдамас бұрын дәрігермен кеңесіңіз.

Бутилгидроксанизол (E320) терінің жергілікті реакцияларын (мысалы, жанаспалы дерматит) немесе көздің және шырышты қабықтардың тітіркенуін тудыруы мүмкін.

3. ГЕРБИОН® ИСЛАНДИЯ МҮГІ ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУ

Препаратты үнемі емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің нұсқауларымен толық сәйкестікте қолданыңыз. Күмән пайда болса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза:

Ересектерге және 12 жастан үлкен жасөспірімдерге ұсынылатын доза тәулігіне 8 рет соруға арналған 1 таблетканы құрайды (бұл 24 мг исланд мүгінің құрғақ экстрактісіне баламалы).

Қолдану тәсілі

Таблетканы ауызда ерітіңіз.

Препаратты қабылдаудан кейін бірден тағам жеуге немесе сусындар ішуге болмайды, өйткені бұл препараттың ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығынан шығарылуын жеделдетуі мүмкін. Дегенмен де, емдеу кезінде көп мөлшерде шай немесе жылы сұйықтық ішуге кеңес беріледі, бірақ препаратты қабылдаудан кейін бірден емес.

Емдеу ұзақтығы

Емдеу ұзақтығы аурудың сипаты мен ауырлығына байланысты, сондықтан емдеуді ұзақ уақыт кезеңі бойына (7-14 күн) үздіксіз жалғастыруға болады.

Препаратты қабылдауды клиникалық симптомдар басылған соң бірнеше күн бойы жалғастыруға кеңес беріледі.

Егер Сіз Гербион® исландия мүгі препаратын керектісінен көбірек қабылдап қойсаңыз

Препаратты ұсынылуынан асып кететін дозаларда қолданбаңыз. Артық дозалану жағдайлары хабарланбаған.

Егер Сіз Гербион® исландия мүгін қабылдауды ұмытып кетсеңіз

Препараттың өткізіп алған қабылдауының орнын толтыру үшін екі есе дозасын қабылдамаңыз.

Егер Сіз Гербион® исландия мүгі препаратын қабылдауды тоқтатсаңыз
Өткізіп алған дозаның орнын толтыру үшін екі есе дозасын қабылдамаңыз.

Препаратты қолдану жөнінде сұрақтар болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

4. БОЛУЫ МҮМКІН ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР

Барлық дәрілік препарат сияқты, препарат жағымсыз реакциялар туғызуы мүмкін, алайда, олар бәрінде бірдей туындамайды.

Белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес)

- қышынумен, терінің гиперемиясымен немесе ентігумен көрініс беретін аса жоғары сезімталдық реакциясы.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар туындаса, дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Осындай нұсқау кез келген болуы мүмкін, оның ішінде қосымша парақта атап көрсетілмеген жағымсыз реакцияларға қатысты болады. Сізге жағымсыз реакциялар жөнінде мүше-мемлекет аумағында анықталған дәрілік препараттар тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, жағымсыз реакциялар бойынша ақпараттық дерекқорға мәлімдеуге де болады. Аталған жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препарат қауіпсіздігі туралы көбірек мәліметтер алуға көмектесесіз.

Қазақстан Республикасы

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш., 13 үй, «Нұрсәулет 2» БО
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және
фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды
сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
Тел.: +7 7172 235 135
Эл. пошта: farm@dari.kz
Веб-сайт: www.ndda.kz

Ресей Федерациясы

109012, Мәскеу қ. Славян алаңы, 4 үй, 1 құр.
Денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі федералдық қызмет
Тел.: +7 (800) 550 99 03
Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru
Веб сайт: www.roszdravnadzor.gov.ru

Беларусь Республикасы

220037, Минск қ., Товарищеский т/к, 2а үй
«Денсаулық сақтау саласындағы сараптамалар мен сынақтар орталығы» республикалық
унитарлық кәсіпорны
Фармакоқадағалау бөлімінің телефоны: +375 (17) 242 00 29; факс: +375 (17) 242 00 29
Эл. пошта: rcpl@rceth.by, rceth@rceth.by
Веб-сайт: www.rceth.by

Армения Республикасы

0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/4

«Академик Э. Габриелян атындағы Дәрілер мен медициналық технологияларды ғылыми сараптау орталығы»

Тел.: + 374 60 83 00 73

Эл. пошта: admin@pharm.am, vigilance@pharm.am, letters@pharm.am

Веб-сайт: www.pharm.am

Қырғыз Республикасы

720044, Шу облысы, Бішкек қ., 3-ші линия көш., 25 үй

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті

Тел.: + 996 (312) 21 92 86

Эл. пошта: dlsmi@pharm.kg

Веб-сайт: www.pharm.kg

5. ГЕРБИОН® ИСЛАНДИЯ МҮГІ ПРЕПАРАТЫН САҚТАУ

Препаратты бала оны көре алмайтындай балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Препаратты қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолданбаңыз.

Жарамдылық мерзімінің өткен күні ағымдағы айдың соңғы күні болып табылады.

Дәрілік препарат арнайы сақтау шарттарын талап етпейді.

Препаратты кәріз жүйесіне тастамаңыз (төкпеңіз). Енді қажет болмайтын препаратты қалай кәдеге жарату (жою) керектігін дәріхана қызметкерінен нақты анықтаңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. ҚАПТАМАНЫҢ ІШІНДЕГІСІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МӘЛІМЕТТЕР

Гербион® исландия мүгінің құрамында

Әрбір соруға арналған таблетканың құрамында 3 мг экстрактісі (құрғақ экстракт ретінде) *Cetraria Islandica* (L.) Acharius s.l., қатпарлары (90 мг – 120 мг исланд мүгіне баламалы).

Экстракцияға арналған еріткіш: су.

Басқа да ингредиенттер (қосымша заттар): аскорбин қышқылы (E300), маннитол (E421), алма қышқылы (E296), сукралоза (E955), табиғи апельсин хош иістендіргіші, табиғи цитрус хош иістендіргіші (бутилгидроксианизол (E320)), бояғыш куркума майы мен изомальт (E953) бар.

Экстракт құрамында пайдаланылатын қосымша заттар: изомальт (E953) және сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы.

Гербион® исландия мүгі препаратының сыртқы түрі және қаптаманың ішіндегісі

Дөңгелек дерлік пішінді, ойығы мен бұдырлы беткейі бар сарыдан қоңырлау-сары түске дейінгі соруға арналған таблеткалар.

Күңгірттеу бөлшектері, ашықтау дақтары, ауа көпіршіктері және аздап кетілген шеттерінің болуына жол беріледі.

8 таблеткадан поливинилхлоридті үлбірден, полиэтиленнен, поливинилдихлоридті үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамада.

1, 2, 3, 4 немесе 5 пішінді ұяшықты қаптамадан қосымша парақпен бірге картон қорапшаға салынады.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«КРКА, д.д., Ново место» АҚ
Шмарьешка цеста, 6, 8501 Ново место, Словения
Тел.: +386 7 331 21 11
Факс: +386 7 332 15 37
Эл. пошта: info@krka.biz
Веб-сайт: www.krka.biz

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ шағымдар туындаған жағдайларда тіркеу куәлігін ұстаушының жергілікті өкіліне немесе тіркеу куәлігінің ұстаушысына хабарласу керек:

Казахстан Республикасы

«КРКА Қазақстан» ЖШС
050040, Алматы қ., Шағын ауданы КОКТЕМ-1, үй 15А, офис 601
Тел.: +7 (727) 311 08 09
Эл. пошта: info.kz@krka.biz
Веб-сайт: www.krka.biz

Ресей Федерациясы

«КРКА-РУС» ЖШҚ
143500, Мәскеу обл., Истра қ., Московская көш., 50 үй
Тел.: +7 (495) 994 70 70
Факс: +7 (495) 994 70 78
Эл. пошта: krka-rus@krka.biz
Веб-сайт: www.krka.biz

Беларусь Республикасы

«КРКА, tovarna zdravil, d.d., Novo mesto» (Словения Республикасы) акционерлік қоғамының Беларусь Республикасындағы өкілдігі
220114, Минск қ., Филимонов көш., 25Г үй, 315 кеңсе
Тел.: 8 740 740 92 30
Факс: 8 740 740 92 30
Эл. пошта: info.by@krka.biz
Веб-сайт: www.krka.by

Армения Республикасы

«Крка, д.д., Ново место» Армения Республикасындағы өкілдігі
0001, Ереван қ., Налбандян көш., 106/1 үй («САЯТ-НОВА» БИЗНЕС ОРТАЛЫҒЫ), 103 кеңсе
Тел.: + 374 11 56 00 11
Эл. пошта: info@krka.am
Веб-сайт: www.krka.biz

Қырғыз Республикасы

«КРКА, товарна здравил, д.д., Ново место» АҚ Қырғызстандағы өкілдігі
720040, Шу облысы, Бішкек қ., Эркиндик бульвары, 71 үй, А блок
Тел.: + 996 (312) 66 22 50
Эл. пошта: info.kg@krka.biz
Веб-сайт: www.krka.biz

Қосымша парақ қайта қаралды
11 маусым 2025 ж.

Басқа да ақпарат көздері

Аталған препарат туралы толық мәліметтер Одақ веб-сайтында баяндалады:
<http://ees.eaeunion.org>.